

Ермағамбетова Л.Н.,
Абдрахманова Ж.

**Жаттығулар мен
тапсырмаларды орындатудың
өзіндік ерекшеліктері**

Мақалада жоспарланған жұмыстар жүйесі мен әдістеме студенттерді әр түрлі деңгейдегі жаттығулар мен тапсырмаларды орындап, мазмұндама, шығарма жазуға дайындауға, оқытушыға сабақты оқушылар ойланатындай күрделі әрі тиімді өткізуге көмектесетіні айтылады. Жаттығу жұмыстарының тілді үйретудің барлық кезеңінде, әрбір сабақта, басқа тапсырмалардың түрімен байланысты қарастырылып өте кең дәрежеде қолданылатыны сөз болады. Қазақ тілінің жай сөйлем және оның түрлерін меңгертуде әдістеме бойынша жаңа кешенді жұмыстың түрлері ұйымдастырылып, арнайы жаттығулар мен тапсырмалар жүйесі жасалғаны айтылады. Жаттығуларды аналитикалық, танымдық, ізденімдік деп бөліп, тапсырмалардың ойбөліс, өздік, шығармашылық түрлері қарастырылады. Берілген әрбір жаттығулар мен тапсырмалардың мақсаты, тиімділігі, маңызына тоқталады. Студенттің әр түрлі жағдаяттарға негізделген сөйлеу дағдысын, ойлау қабілетін, дүниетанымын, ой-өрісін қалыптастырады. Жаттығулар жүйесі қазақ тілінің синтаксистік жүйесіне қатысты теориялық білімдерімен қаруландырады; жай сөйлем компоненттерін байланыстырушы тілдік амал-тәсілдердің жүйесін игертеді; сөйлесім әрекетінің түрлерін сауатты меңгерулеріне көмектеседі.

Түйін сөздер: аналитикалық тапсырма, синтаксистік жүйе, сөйлесім әрекеті, жай сөйлем компоненттері, кешенді жұмыс, тілдік амал-тәсіл.

Ermagambetova L.N.,
Abdrahmanova Zh.

Features of tasks and exercises

This article describes the system and methods of work on exercises and assignments of various levels, which will help students in writing summaries, essays, and teachers will be able to conduct classes so that students begin to think comprehensively and effectively. Preparation of language learning throughout the stages, each lesson, different types of exercises can be considered in close relationship with other exercises. In the study of simple sentences and its types in the Kazakh language there can be arranged new kinds of work, offered special exercises and tasks in the system. The exercises are divided into analytical and cognitive, and assignments are considered as independent, autonomous and creative. The importance, purpose and effectiveness of each exercise and assignment are emphasized. Skills of speaking, thinking, knowledge of the world, based on the different circumstances, are formed. The system of exercises is complemented by theoretical information and knowledge of the Kazakh language syntax. It helps to clarify the system of coordination of the components of a simple sentence.

Key words: analytical task, the system of syntax, speech activity, components of the simple sentence, types of work, linguistic approaches.

Ермағамбетова Л.Н.,
Абдрахманова Ж.

**Особенности выполнения
заданий и упражнений**

В статье описываются система и методы работы при выполнении упражнений и заданий различных уровней, которые помогут студентам при написании изложений, сочинений, а преподаватели смогут провести занятия так, чтобы студенты начали комплексно и эффективно мыслить. Речь идет о широком использовании заданий на всех этапах изучения языка, на каждом занятии, в тесной взаимосвязи с другими упражнениями. При изучении простых предложений и его видов в казахском языке могут быть организованы новые виды работ, предлагаться специальные упражнения и задачи через определенную систему. Упражнения делятся на аналитические, познавательные, а задания рассматриваются как независимые, самостоятельные и творческие. Подчеркивается важность, цель и эффективность каждого упражнения и задания. Формируются навыки разговорной речи, мышления, познания мира с учетом различных обстоятельств и ситуаций. Система упражнений дополняется теоретической информацией и знаниями синтаксиса казахского языка; помогает уяснить систему согласования компонентов простого предложения.

Ключевые слова: аналитическая задача, система синтаксиса, речевая деятельность, компоненты простого предложения, виды работ, языковые подходы.

ӘОЖ 37.013

Ермағамбетова Л.Н.¹, Абдрахманова Ж.²,

әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің ¹п. ф.к. доценті,
²ф. ф. к., доценті, Алматы қ., Қазақстан,
 e-mail: lyazzat.ermaganbetova@mail.ru; zhaz_abd@mail.ru

ЖАТТЫҒУЛАР МЕН ТАПСЫРМАЛАРДЫ ОРЫНДАТУДЫҢ ӨЗІНДІК ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Мемлекеттің әлем кеңістігінде басқа елдермен тең тұрып, өркениетті ел ретінде танымал болып, халықтың әлеуметтік жағдайы, білімі мен ғылымы, өнері, мәдениеті дүниежүзі мемлекеттерімен теңесуі үшін ел мүддесі жолында мағыналы да, маңызды жұмыстар атқару – әрбір педагогқа үлкен сын және парыз. Студенттерге нәтижелі білім беру бүгінгі күні әдіскерлердің жаңа бағытта еңбек етуін талап етіп отыр. Сондықтан да көптеген ғалымдар мен әдіскер-мұғалімдер өз зерттеулері мен тәжірибелерінің нәтижесінде оқу процесін жандандырудың бір жолы – сабақта әр түрлі жаңа технологияның үлгісімен жаттығу мен тапсырмаларды пайдалану деген қорытындыға келген [1, 19].

Қазақ тілінің жай сөйлем және оның түрлерін меңгертуде қазіргі әдістеме ғылымындағы жаттығулар мен тапсырмалар жүйесі үлкен орын алады. Жаттығулар мен тапсырмалар оңайдан қиынға, жеңілден ауырға қарай сатыланып, оқушының қабылдау қабілетіне қарай міндетті түрде қиындатылып отырады.

Жай сөйлем және оның түрлерін оқытуда студенттердің білімін жетілдіруге арналған жаттығулардың өзіндік ерекшеліктері бар.

Біріншіден, жаттығулар проблемалық жағдаят сипатында болуға тиісті.

Екіншіден, жаттығулар өтілген тақырыптарға негізделуі керек. Жаттығулар стандарттық сабақтың құрылымы мен мақсатына қарай өтілген материалдарға негізделіп отырады. Жаттығулар арқылы сабақта өтілген тақырып бекітіліп, ұғындырылып отырылуы тиіс.

Үшіншіден, жаттығулардың логикалық жүйелілігі болуы қажет. Жаттығулар міндетті түрде логикалық байланыста болады. Біріншісі сөздің лексикалық мағынасын меңгеруге, екіншісі сөздерді дұрыс тіркестіруге, үшіншісі олар меңгерген тілдік тұлғаларды шығармашылық негізде қолдануға үйренеді. Мұндай құрылымның ұтымдылығы студент үйренген сөздерін белсенді тілдік қарым-қатынаста қолдануға дағдыланады.

Төртіншіден, жаттығулар студенттердің шығармашылық біліктерін дамытуға негізделуі керек.

Жаттығу жұмыстарының тілді үйретудің барлық кезеңінде, әрбір сабақта, басқа тапсырмалардың түрімен байланысты қа-

растырылып өте кең дәрежеде қолданылатынын біздің ғалымдарымыз да өз еңбектерінде ерекше тоқталады [2, 97]. Ғалымдардың пікірін негізге алып, осы жаттығуларды практикада қолданып, білім беруді ізгілендіру технологиясына байланысты жаңа жаттығу жұмыстарының түрлерін ұйымдастырудың қажеттілігі айқындалды. Сондықтан жай сөйлем және оның түрлерін оқытуда жаңа кешенді жұмыстың түрлері жасалынды.

Кешенді жұмыс жаттығулар мен тапсырмалар жүйесінен тұрады. Жаттығулар аналитикалық, танымдық, ізденімдік болып бөлінеді. Тапсырмалар жүйесі ойбөліс, өздік, шығармашылық болып бөлінеді.

Жалпы әдістеме саласында жаттығулар мен тапсырмалар жүйесін жасау – оқыту жүйесіндегі күрделі мәселелердің бірі болып табылады. [3, 190; 4, 127].

Тиімді жаттығулар жүйесін таңдай білу – тілді оқыту барысындағы табыстарыңызды айқындайды. Жаттығулар жүйелілігі тілді оқытып-үйретудің барлық кезеңі үшін басты шарт.

Жай сөйлем түрлерін сауатты меңгеруде мынадай тапсырма түрлері ұсынылды. Олар:

1. Ойбөліс тапсырмасы
2. Өздік тапсырмасы
3. Шығармашылық тапсырмасы

Ойбөліс тапсырмасы – пікірталас түрінде өтетін, студенттің ойлау қабілетін ұштайтын тапсырма түрі.

Мысалы, «*Кітапхана – рухани байлықтың тірегі*» деген тақырыпта ойбөліс сабағы өткізілді.

Қазіргі таңда аталған мәселенің Қазақстан үшін өзекті болып табылатындығы осы тақырыпты таңдауға себеп болды. Осы тақырып бойынша ойбөліске қатыса отырып, студенттер аталған мәселеге қатысты өз ойларын дәлелдеп беруге және оны қорғай білуге міндетті.

Ойбөліс-сабақтың басында студенттер жақтаушылар мен даттаушылар тобына бөлінеді. Ойбөлістің өткізілуі барысында балалар өз ойларын дәлелді түрде айтып, тыңдаушыға жеткізе білуге үйренеді. Осы реттерде олар өз ойларына күш түсіріп, жұмыс істете біледі. Бала өзіне қажетті дәлел іздейді, оны жұрт алдында, өз сөзімен, дәлелді етіп, шынайы түрде жеткізе білуі керек, әрі қарай өзіне қойылған сұрақтарға нақты жауып қайтара білуі тиіс. Міне, осылардың бәрі студенттерден ұшқыр ойды, мол сөздік қорды талап етеді.

Ойбөліс сабақтың тақырыбы: «Кітапхана – рухани байлықтың тірегі».

Ойбөліс сабақтың мақсаты мынадай: біріншіден, ойбөліс сабағы еркін, дұрыс сөйлей білу-

ге дағдыландырады; екіншіден, ойлау жүйесін дамытады, дүниетанымын кеңейтеді; тұлға ретіндегі жеке көзқарасының қалыптасуына әсер етеді; үшіншіден, ізгілікті, адамгершілік қасиеттерін қалыптастырады.

Ойбөліс сабағына қатысушы жақтаушы топтың міндеті: олар өз топтарымен таныстырады, әрбір дәлелдемеге байланысты жеке көзқарасын қорғайды, қарсы сұрақтарға жауап береді және сұрақтар қояды. Даттаушы топтың оқушылары да өздерін таныстырады, қарсыластарының дәлелдемелеріне қарсылық білдіреді, сұрақтар қояды.

Бірінші жақтаушы топтың басшысына сөз беріледі. Ол өз сөзінде тобын таныстырады:

Негізгі шешім: «*Қазақстанға көп кітапхана қажет*».

Негізгі анықтама: *Ешқандай кітапхананы жабуға болмайды. Қайта білім алу ошақтарын жаңа заман технологиясына, қазіргі заман талабына сай көтеру керек.*

Негізгі тұжырым: *Білімдеріңізді толықтырмаған әр күн сіз үшін текке кеткен және енді қайтып оралмайтын күн деп есептеңіз.*

Дәлелдеме:

1. Кітапхана ғимараттары ескіргенмен, әрбір кітап өз құнын жоймайды.
2. Кітапхананы жаңарту керек, кітап оқи білу – мәдениеттілік.
3. Кітап оқуды тоқтатқан адам ойлауды да тоқтатады.
4. Кітапхана оқушыны керекті мәліметті өздігінен іздеп табуға талпындырады.

Жақтаушы топтан кейін даттаушы топтың басшысына сөз беріледі.

Негізгі шешім: «*Жаңа ақпараттық білім беру орталығын құру қажет.*»

Негізгі анықтама: Қазіргі білім алатын ақпарат көздері көп..

Негізгі тұжырым: *Қазақстанда кітапханамен бірге жаңа технологияның негіздері арқылы білімді молайтуға болады(топ басшы ұсынатын пікір бір сөйлемнен гана болуы керек. Сонымен қатар топ басшының шешімі түсінікті, сауатты ұсынылуы қажет.)*

Дәлелдеме:

1. *Кітапхана ғимараттары ескірген, жаңа технология үлгілерімен толықтыру керек, көне кітаптар жаңартылмаған..*
2. *Кітапхана қоры азайған.*
3. *Басқа ақпарат көздерін орындай пайдалану керек..*

Қарсыластар өздерін таныстырып болғаннан кейін, олар келесі кезеңге өтеді. Бұл кезең негізгі

болып есептелінеді. Өйткені осында студенттер өз пікірлерін айтады, оларды дәлелдейді, керекті фактілер, мысалдар, статистикалық мәліметтерді атайды. Жақтаушы мен даттаушы топтардың басшылары әр дәлел бойынша кезекпен-кезек сөйлейді. Егер жарысушы топ арасында сұрақтар туындаса, топ басшысының сөзінен кейін оларға сұрақ қойылып отырады. Сұраққа дайындалуға 2-3 мин. беріледі. Бұл кезеңде мұғалім қарама-қарсы сұрақ қою ережелерімен таныстырады.

Оқытушының сөзі:

Қарама-қарсы сұрақтардың мақсаты:

1. Қарсыластарының ой-пікірін анықтау.
2. Қарсыластардың пікірлерінің кемшілігін көрсету.
3. Қарсыластың өз пікіріне қайшы келетіндей жағдаят тудыру.

Тиімді сұрақтар қою шарттары:

1. Бос айтыс, тартыстан аулақ бол.
2. Қарсыласыңды қорқытуға әуес болма.
3. Мысқыл сұрақтар қоюға әуес болма.
4. Қарама-қарсы сұрақтарға берілген уақытты тиімді пайдалан.
5. Қосымша сұрақтарға дайын бол.

Ойбөліс барысында оқытушы жүргізуші ролін орындайды, ойбөлістің өтілу тәртібін, сұрақтар мен жауаптарға берілетін уақыт мөлшерін қадағалап отырады.

Ойбөлістің қорытынды бөлімі бұл – ойынтапсырманың қорытындысын шығару. Ойбөлістің қорытындысын оқытушы өзі шығарады. Ол қатысушылардың барлығына анкета үлестіреді, олар оны толтырып қайтарады.

«Кітапхана – рухани байлықтың тірегі» тақырыбындағы ойбөліске қатысушыларға ұсынылатын сұрақтар:

1. Саған ойбөліс сабақтан не ұнады?
2. Қай топтың сөзі дәлелді шықты?
3. Кімнің дәлелі сенімді түрде айтылып, түсіндірілді?
4. Кімнің сұрағы қызықты болды?
5. Кім сауатты түрде шешен сөйледі?
6. Сенің пікіріңше, келесі ойбөліс сабақты қалай қызықты етіп өткізуге болады?

Осы сұрақтардың негізінде оқытушы ойбөліс сабақтың қорытындысын шығарады. Сонымен қатар ол өз сөзінде әр топқа және ойбөліске қатысқан әрбір студентке өз бағасын береді.

Тапсырманың мақсаты: студенттің әр түрлі жағдаяттарға негізделген сөйлеу дағдысын, ойлау қабілетін, дүниетанымын, ой-өрісін қалыптастыру.

Тапсырманың тиімділігі: біріншіден, баланың тілді меңгеру барысындағы білімі бекиді; екіншіден, қоғамдық қарым-қатынасты аңғарып, қазақ-

тың мәдени өмірінен хабардар болады; үшіншіден, пікірталас арқылы сөйлеу тілі дамиды.

Тапсырманың маңызы: пікірталас сабағы барысында жай сөйлемді ажыратып, дұрыс қолдану білуді үйренеді.

Жай сөйлем, оның түрлерін оқыту барысында студенттерге өздік тапсырмаларды орындатуының маңызы зор.

Студенттің өздік жұмысы – олардың оқу-танымдық әрекетінің ерекше түрі. Өздік жұмыстың ерекшелігі – оқытушы жағынан тікелей басшылықтың болмауы. Өздік жұмысты орындау барысында өз бетімен еркін әрекет жасау дағдысын қалыптастырып, дамытады; сұрақ-жауап арқылы пікірлесуге үйренеді және әрбір іс-әрекетке белсенділік танытады. Оның білімі мен деңгейі өседі, танымдық қабілеттері айқындала бастайды.

Өздік жұмысты ұйымдастырудың маңыздылығы – оқытушының студентпен жұмыс жасау кезінде өзара сенімді және түсінікті, ынтымақтастық қарым-қатынасы іске асырылады.

Оқыту бағдарламасындағы өздік жұмыс үздіксіз бақылауда болады. Осының негізінде, студенттер мынадай талаптарды орындаулары тиіс:

1. Сабаққа белсенді қатысуы тиіс, өздік жұмысты дұрыс, жүйелі орындауы қажет.
2. Айтылғанды түсініп, берілген жағдаят төңірегінде өз ойын жеткізе білуі жөн.
3. Қазақ тіліндегі мәтіндерді толық түсініп, жай сөйлемге арналған тапсырмаларды сауатты орындауы тиіс.

4. Өздік тапсырмасын уақытында және дұрыс бағаға тапсыру.

5. Қатыспаған сабақ бойынша өтілген оқу материалын өз бетімен уақытында тапсыру.

6. Өздік жұмыстарды орындату арқылы балада өзін-өзі тани білу қабілетін дамыту.

Сонымен өздік жұмыс тапсырмасының мақсаты – студенттердің жеке басының даралық ерекшеліктерін қалыптастыру.

Тапсырманың тиімділігі: бірінші, студент жан-жақты ізденуге дағдыланады, екінші, өзін-өзі ұстай білуге үйренеді, үшіншіден, іскерлік дағдылары қалыптасады.

Тапсырманың маңызы: Студенттердің сөздік қоры кеңейеді, әр түрлі жұмыс жасауға деген ынтасы артады, жай сөйлемнің хабарлы, бұйрықты, лепті, сұраулы түрлерін айтылу мақсатына қарай ажыратып, жай сөйлемнің құрылымын айқындау дағдылары қалыптасады.

Шығармашылық тапсырма – студенттің теориялық білімін бекітетін, жаңа материал негізінде білік дағдыларын қалыптастыратын, өлең, жаңылтпаш, мақал-мәтелдермен жарыс өткізу

арқылы ой-өрісін дамытуға арналған тапсырманың бірі. Шығармашылық тапсырманың нәтижесінде олардың қабілеттері мен дарынды қасиеттердің ашылуына жағдай жасалады.

Бұл тапсырмалардың мақсаты – әр түрлі жұмыстың түрлері арқылы баланың ойлау қабілетін арттыру, қоғамдық ортаға байланысты тілдік қарым-қатынасты игерту.

Тапсырманың тиімділігі: Студенттер сөздердің мәнін түсініп, өз ойын еркін дәлелдеп, көпшілік алдында өзін ұстай білуге дағдыланады.

Тапсырманың маңызы: құрылымы жағынан әр түрлі болып келген атаулы сөйлемдерді сау-

атты меңгере отырып, оқушының тілге қызығушылығы, шығармашылық қабілеті дамиды.

Орындалатын тапсырмалар мен жаттығулардың нәтижесі, біріншіден, сөйлесім әрекетін еркін меңгеруге игі ықпал етеді; екіншіден, студенттерді дискуссияға, пікірталасқа жетелейді; үшіншіден, олардың шығармашылық қабілеттерін дамытып, өздігінен білім алуға, үйренуге ықпал етеді, дүниетанымын кеңейтеді; төртіншіден, әлеуметтік ортаға өз көзқарасын қалыптастыра білуге дағдыланады; бесіншіден, әсерлі сөйлеуіне септігін тигізеді; алтыншыдан, адамгершілік ізгі қасиеттерін қалыптастырады.

Әдебиеттер

- 1 Қараев М. Сабак әдістемесінің мәселелері. Оқу құралы. 1-кітап. – Алматы: Рауан, 1997. – 97б.
- 2 Саламатова З.К. Жай сөйлем синтаксисін оқыту барысында оқушылардың тілін дамыту (8-сынып). – Алматы: Атамұра, 1994. – 19 б.
- 3 Қасабекова Қ. Орыс мектептерінде қазақ тілін оқыту әдістемесінің практикалық және зертханалық жұмыстары. – Алматы: Рауан, 1999. – 190 б.
- 4 Нұржанова Ж. Қазақ тілін тиімді оқыту жолдары. – Алматы: Мектеп, 2001. – 127 б.

References

- 1 Qaraev M. Sabaq a'distemesining ma'seleleri. Oqw qurali'. 1-kitap. – Almati': Rawan, 1997. – 97b.
- 2 Salamatova Z.Q. Jay so'yblem si''ntaksi''in oqi'tw bari'si'nda oqwshi'lardi'ng tilin dami'tw (8-si'ni'p). – Almati': Atamura, 1994. – 19 b.
- 3 Qasabekova Q. Ori's mektepterinde qazaq tilin oqi'tw a'distemesining prakti''kali'q ja'ne zerthanali'q jumi'stari'. – Almati': Rawan, 1999. – 190 b.
- 4 Nurjanova J. Qazaq tilin ti''imdi oqi'tw joldari'. – Almati': Mektep, 2001. – 127 b.